Qyzyljar nury

Gazet 2005 jyldyñ 1 qañtarynan shyğa bastady
Elektrondy poshta kzlgar_n@mail.ru

Petropavl qalalyq qoğamdyq-saıası gazeti
№15 (1012) 12 säuır 2024 jyl

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың су тасқыны салдарынан қалыптасқан ауыр жағдайға байланысты Үндеуі

Құрметті отандастар!

Бүгін мен еліміздің азаматтарына арнайы үндеуімді жолдап отырмын. Баршаңызға белгілі, қазір елімізде күрделі жағдай қалыптасып отыр. Қардың күрт еруіне байланысты аймақтарда су тасқыны болып жатыр. Бұл – табиғи апат. Мұндай ахуал ұзақ жылдан бері болмаған. Бұл көлемі жағынан соңғы 80 жылдан бергі ең ірі табиғи апат деуге болады.

Су тасқынына байланысты еліміздің он аймағында төтенше жағдай жарияланды, яғни Абай, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облыстарында.

Атқарушы органдар жіберген олқылықтарды түзеу үшін мен шұғыл түрде нақты тапсырмаларды бердім. Қазір барлық қажетті шаралар қабылданып жатыр. Үкімет қарғын судың салдарын жоюға бар күшін салуда.

Премьер-Министрдің басшылығымен Республикалық штаб құрылды. Премьер-Министрдің өзі, оның орынбасарлары және Төтенше жағдайлар министрі апат болған аймақтарды аралап жүр. Барлық құтқару жұмыстары менің тікелей бақылауымда.

Су тасқынымен күресуге Төтенше жағдайлар министрлігінің барлық ресурсы тартылды. Сондай-ақ құтқару жұмыстарына Ішкі істер министрлігі, Ұлттық ұлан, Қарулы Күштер және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мамандары белсене атсалысып жатыр. Зардап шеккен аймақтардың әкімдіктері күндіз-түні жұмыс істеуде. Ондаған мың волонтер де көмектесіп жүр.

Жағдай өте күрделі болса да, біз қиындықты міндетті түрде еңсереміз, барлығын қалпына келтіреміз. Ең бастысы – азаматтардың амандығы.

Тасқын судан зардап шеккен азаматтарға айтарым, мемлекет бірде-бір адамды ескерусіз қалдырмайды. Баршаңызға қаржылық және басқа да көмек беріледі. Материалдық шығындар толық өтеледі.

Біз алапат су тасқынынан тиісті қорытынды шығаруымыз керек. Яғни жіберілген олқылықтарды түзетіп, тиісті сабақ алуымыз қажет. Ал ондай сабақтар аз емес.



Алаттардың алдын алу жұмысындағы кемшіліктен бастап, су шаруашылығы мамандарының тапшылығы болуы, табиғатқа немқұрайлы қарауға дейін көп мәселені реттеу қажет. Үкімет және жергілікті атқарушы органдар су тасқынымен күресті тиімді үйлестіріп отыруға тиіс. Су басқан аумақтарда құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету қажет.

Менің бұйрығыммен апатқа қарсы күреске Қорғаныс министрлігі қосымша әскери күштерін жолдайды. Халыққа көмектесу үшін Үкіметке мемлекеттік материалдық резервті пайдалануды тапсырамын. Сондай-ақ Үкімет шығындарды өтеудің тиімді жолдарын шұғыл қарастыруға тиіс. Оны зардап шеккен азаматтарға жан-жақты түсіндіру керек. Берілетін өтемақы шығынды толық жабуы қажет.

Жағдайы неғұрлым күрделі аймақтардағы жұмысты үйлестіру үшін Үкімет басшысының орынбасарларына аймақтарға шығуды тапсырамын. Олар ахуал түзелгенше сол жерде болады. Ақпараттық штаб азаматтарды мемлекет қабылдап жатқан барлық шаралар жөнінде үздіксіз және жан-жақты хабардар етіп отыруға тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралдарына, белсенді азаматтарға және блогерлерге айтарым, жұртты дүрбелеңге салатын жалған ақпараттарды таратпау қажет. Қазіргі уақытта билік пен қоғамды ұйыстыратын әрекеттер жасау аса маңызды. Азаматтарды тек қана ресми ақпарат көздеріне сүйенуге шақырамын.

Құтқарушыларға, тәртіп сақшыларына, волонтерлерге және апатпен күресуге атсалысып жатқан барша жұртқа алғысымды айтамын. Осындай қиын-қыстау кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару айрықша маңызды. Бір ел, бір халық болып жұмылып, бұл апатты еңсереміз. Бұл біздің қолымыздан келеді.

"Akorda.kz".

Qaiyrymdylyq

Қиын сәтте қол ұшын созуда

ПЕТРОПАВЛҒА АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ LIDER.KZ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМЫНАН ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК КЕЛДІ. СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН ТҰРҒЫНДАРҒА ЕЛОРДАЛЫҚ ЕРІКТІЛЕР ЖЫЛЫ КИІМ, ТҰРМЫСТЫҚ ЗАТТАР, АЗЫҚ-ТҮЛІК СЫНДЫ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ТАУАРЛАРДЫ ЖІБЕРГЕН.



Өңірге жақын күндері Шығыс Қазақстан облысынан гуманитарлық көмек келеді деп күтілуде.

Бұдан бөлек Астанадан 14 көлікпен гуманитарлық көмек келді. Онда тұрмысқа қажетті заттар мен жиһаздар, төсек-орын және азық-түлік өнімдері бар. Елордалықтар жинаған жүкті такси жүргізушілері Петропавлға тегін жеткізіп берді.

Келген заттар "Радуга" ЖШС-ның қоймасында сақталатын болады. Кейін сол жерде сұрыпталып, көмекке мұқтаж адамдарға жіберіледі.

"Бүгін Петропавлға Астанадан гуманитарлық көмек әкелдік. Оны "Ерекше өлем", "Жақсылық жаса" қоғамдық қоры, "Қанат" еріктілер қозғалысы жинаған. Біз шамамен бір апта бұрын көмек қажет екендігін хабарлаған болатынбыз. Содан қарапайым тұрғындар, кәсіпкерлер азық-түлік, тұрмыстық химия, төсек-орын сынды заттарды әкеліп берді. Су соратын помпалар да бар. Қазір барлығы бірігіп, су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге қол ұшын созып жатыр. Мысалы, бүгін такси жүргізушілері өз көліктерімен жүкті тегін жеткізді. Біз осыған дейін Астанадағы кәсіпкерлер палатасымен бірігіп, Қостанайға көмек жөнелттік. Қазір әр адам шамасына қарай көмек көрсете алады", – дейді "Ерекше өлем" қоғамдық қорының өкілі Әділ Қалықов.

Сондай-ақ су тасқынынан зардап шеккендерге көмек көрсетуге Солтүстік Қазақстан облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының этномәдени бірлестіктері белсенді түрде қосылды.

Облысқа жеткізілген гуманитарлық көмек аудандарға таратылатын болады. Тауарлардың бірінші легі Есіл ауданына жөнелтілді.

Ләзиза МЫРЗАНТАЙҚЫЗЫ.

Бүгінгі нөмірде:



ҒЫЛЫМ ТАППАЙ МАҚТАНБА... 3 бет

ЖАРАТЫЛЫС ТҮРЛІ ТҮСКЕ ЕНЕДІ 4 бет



ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ АЛДЫ ЭЛЕКТРЛІ САМОКАТТАРДЫҢ ТҰРАҒЫНА АЙНАЛДЫ 6 бет

BALDYRĞAN" БЕТІНІҢ БҮГІНГІ САНЫҢ ҚАЛАМЫЗДАҒЫ "АЛПАМЫС" БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫНЫҢ БҰЛДІРШІНДЕРІНЕ АРНАДЫҚ. 19-ШАҒЫНАУДАНДА БОЙ КӨТЕРГЕН БАЛАБАҚША 2014 ЖЫЛЫ АШЫЛҒАН. ҚАЗІРГІ ТАҢДА БАЛАЛАР 4 ТОПТА ТӘРБИЕЛЕНУДЕ.

Bala tılı – bal

Ақеркенің өтініші


– Әке, балабақшаға бармай-ақ қояйыншы...
– Жоқ, барасың.
– Барғым келмейді...
– Сен үшін кім барады? Барасың...
– Ал, мен үшін кім ұйықтайды?...

Бейбарыстың трактору

– Жер жыртамын, жер жыртамын!
– Жер жыртқаның үшін қанша аласың, Бикош?
– Тегін жыртамын.
– Неге?
– Есесіне алғысыңды аламын. Өзім емес, тракторым жыртады ғой...

Мәдина СӘБИТОВА,
"Алпамыс" бөбекжай-бақшасының меңгерушісі.


Jas suretşi




Айсезім ЖҰМАБЕК,
"Алпамыс" бөбекжай-бақшасының тәрбиеленушісі,
5 жаста.



Асылым САҚЫПКЕРЕЙ,
"Алпамыс" бөбекжай-бақшасының тәрбиеленушісі,
6 жаста.




Аян БЕКБОЛАТ,
"Алпамыс" бөбекжай-бақшасының тәрбиеленушісі,
5 жаста.



Бейбарыс СОВЕТ,
"Алпамыс" бөбекжай-бақшасының тәрбиеленушісі,
4 жаста.

Ertegi



Екі лақ

Ақ лақ пен қара лақ әрі жүгіреді, бері жүгіреді. Жан-жағына алақ-жұлақ қарайды. Мына жағы – қалың шілік, ана жағы – қалың бау. Маңайда ешбір қойешкі көрінбейді.

– Сен ақ лақсың, түк білмейтін ақымақсың. Мені әрлі-берлі сүйреп жүріп, ақыры адастырдың. Жаның барында қойды тауып бер! – деп, қара лақ ақ лақты бүйірден түйіп кеп қалады.

Қара лақ бір күн бұрын туған еді. Ол ақ лақтың ағасы саналатын. Денесі шымыр, жұп-жұмыр, маңдайында екі мүйізі бар. Өзі барып тұрған сотқар, желбас еді. Ақ лақты "бауырым екен" деп аямайтын. Қит етсе "Ақ лақсың – ақымақсың" деп мазақтайтын. Ашуланса болды, мүйізімен бүйірден түйіп қалатын. Өзі және жалақор болатын.

Бағана: "Бә-ә, бә-ә! Мына жердің шөбін қара-а!" – деп, қалың шілікті ішіне бастап келген де өзі болатын. Енді адасқан соң, ақ лақты жазғырып тұр:

– Ақ лақ – ақымақ! Жаның барда түс дейім алға! – деп, зекіреді қара лақ тағы да. Ақ лақ әрі ойланады, бері ойланады. Жүрген-тұрған жерлерін еске алады.

– Ұзап кеткен қойды қалай табамыз. Кім біледі, ендігі тау асып, жайлауға жетіп те қалған шығар. Ал жайлауға барар жолды табу да оңай емес. Сонда да жол кесіп көрейін. Бірақ сағаң айтатын сөзім бар, ешкіммен егеспейсің, айтқанымды істейсің. Осыны орындамасаң, адасып өлеміз, – дейді ақ лақ.

"Өлеміз" деген сөзді естігенде қара лақ үрейі ұшып қорқып кетеді. Қанша тентек болғанымен, ақ лақтың тілін алуға уәде береді. Ақ лақ жол бастап, алға түседі. Қалың шөпті олай-бұлай жапырып жүріп отырады. Алдынан жыра кездессе, секіріп өтеді, тас кездессе, қарғып өтеді.

Сейтіп, екеуі бір кезде таудың етегіне ілінеді. Маңайда бір қара көрінбейді. Айнала жымжырт. Ойда жоқта алдарынан бір түлкі шыға келеді.

– Туу, өзің бір аппақ қардай, әдемі лақ екенсің. Аған да әдемі. Шаршап қалған шығарсыңдар. Біздің үйге соғып, дәм татып кетіңдер. Менің де өздеріңдей екі балам бар, бірге ойнайсыңдар, – дейді түлкі. Ал өзі ішінен: "Ақ лақ кішкентай екен. Қапысын тауып, осының жәукемдейін. Бірақ мұны көрген ағасы қорқып, қашып кетеді-ау!" – деп ойлайды. Не айтатынын күні бұрын ойлап қойған ақ лақ былай деп, тіл қатады:

– Түке, әнеки, ана төбенің басында, қара тастың қасында, бізді қасқыр күтіп отыр.

Ол қара лақ екеуімізді қонаққа шақырып еді. Сізге еріп кеткеніміздің көрсе, ашуланады ғой. Қасекеңнің көрі қатты. Мүмкін өзіңіз де бізбен бірге жүрерсіз.

– Жарайды, ендеше. Жүре беріңдер, мен арттарыңнан барармын, – дейді де, түлкі бір күлық ойлайды. Бір кезде алдарынан тайыншадай көкжал қасқыр кез бола кетеді. Ол аузын арандай ашып, бірден екі лаққа тап береді. Қасқырды көрген түлкі сайға қарай зытады.

– Қарным ашып келе жатыр еді, мұндай жақсы болар ма! Мен қазір сендерді жеймін! – дейді қасқыр.

– Қасеке, әнеки, ана төбенің басында, қара тастың қасында, бізді арыстан күтіп отыр. Ол таудағы жортқан аң, ұшқан құс атаулыға патша болу үшін кеше осында келіпті. Ертеңгі асына екі бұзау, түскі асына екі лақ, кешкі асына екі қозы жейді екен. Сіздің мына қылығыңызды көрсе, ол бұлқан-талқан боп ашуланып жүрер. Тіпті, өзіңізді жазым етер, – дейді ақ лақ.

– Бә-ә! Әй, қасқыр! Мына арыстанды қара-а! Шақырып тұр, – деп, бақырып қоя береді қара лақ тыныш тұрмай. Қасқыр қатты сасқалақтайды, әрі-бері алақтап тұрады да:

– Бәлесінен аулақ. Бар, жандарыңның барында кетіңдер, түге! – деп жәнімен жүре береді.

Жүгірген бойы екі лақ бір таудың басына шығады. Тауға шығып, айналаға қараса, тауды бөктерлей бір қора қой қаптап жайылып келеді, қойдың артында астында аты бар, қасында иті бар қойшы келеді. Қойды көргенде есі шығып қуанғаннан екі лақ "Бә... Бә" деп маңырап қоя береді.

Шопан ата жол бастап, бұрын келген ақ лақты жерден көтеріп алады.

– Мен сендерді ойдан-қырдан іздеп, таба алмай қойып едім. Өздерінің тауып келгенін қарашы. Жарайсың, ақ лағым, жарайсың! Сені "Ақ лақ – ақымақ" деп мазақтайтындардың өздері ақымақ! – деп, ақ лақты құшақтап бауырына қысады.

Жұмбақтар

Таңертең төрт аяқты,
Күндіз екі аяқты,
Кешке үш аяқты.
(Адамның балалық, есейген, қартайған шағы)

Жеті бауыр туыспыз
Атымыз өзге демесең,
Жұмған жұдырық уыспыз.
(Алпа күндері)

Иілсең иілің, түйілсең түйіліп,
Қарайды кісіге, ұқыпты ісіне.
Бұл не?
(Айна)

Қолы жоқ, сөзі жоқ, бірақ тісі бар.
Басыңмен ісі бар.
Бұл не?
(Тарақ)

Шомылған баланы,
Аймалап алады.
Сипайды қолын да,
Сипайды жонын да.
Бұл не?
(Сүлгі)

Жаңылтпаштар

ХАЛҚЫМЫЗ ЕРТЕ КЕЗДЕН-АҚ БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ ЕРЕКШЕ НАЗАР АУДАРҒАН. БАЛАНЫҢ ОЙ-ӨРІСІНІҢ ДАМЫП, МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҚСАТЫНДА ЕРТЕГІ-ӘҢГІМЕЛЕР МЕН ТҮРЛІ ЖҰМБАҚ, ЖАҢЫЛТПАШТАР ОҚЫТҚАН. ИӘ, СӨЙЛЕУ МӘНЕРІН МЕҢГЕРУДІҢ ӨЗІ БІР ӨНЕР ЕКЕНІ АНЫҚ. СОНДАЙ-АҚ БАЛА ТІЛІ МӘНЕРЛІ ЖӘНЕ МҰДІРМЕЙ ШЫҒУЫ ҮШІН ЖАҢЫЛТПАШ ЖАТТАУЫНЫҢ ПАЙДАСЫ ЗОР. ДАНА ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ҚАЙ ӘДЕБИ ТУЫНДЫСЫ БОЛМАСЫН БАРЛЫҒЫ ДА ТҰНЫП ТҰРҒАН ТӘРБИЕ ЕМЕС ПЕ?!

Атпақ ек бір-бір құр,
Құ екен құр құрғыр.
Таптырмай қырдан құр,
Қайттық біз құрдан-құр.

* * *

Алты алманы алды Алма,
Алды алманы Алдан да,
Алдан, Алма алды алма
Ал, есебін, алданба.

* * *

Байқап-байқап тал арала,
Тал ішінде талар ара.
Араласаң, қала арала,
Таппай сені қалар ара.

* * *

Жамал Жаңылды,
Жалыңдырмақшы болды.
Жаңыл Жамалды,
Жаңылдырмақшы болды.
Жаңылдырғаны дұрыс па?
Жаңылдырмағаны дұрыс па?

* * *

Күз, кез, күз,
Күш, кеш, көш,
Кір, кер, көр,
Күл, кел, көл,
Кілең қысқа сөз,
Кім оқиды тез?

* * *

Қай тайлақ лақтай,
Қай лақ тайлақтай?